

**2022-2023 оқу жылында I тоқсан бойынша жиынтық бағалау өткізудің
жоспары**

Пән: қазақ тілі

Сынып: 6А

| Тоқсан | Сынып | Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың тақырыптары | Өткізілетін күні | Бағалауды өткізу түрі. БЖБ мак.баллы | Жиынтық бағалау рәсімдерінің орындалу ұзақтығы | Мерзімі | | Ескерту |
|----------|-------|--|------------------|--------------------------------------|--|-------------|-------------|---------|
| | | | | | | құрастыру | сараптама | |
| I тоқсан | 6А | БЖБ №1 Қазақстандағы көрікті жерлер | 20.09.2021ж | 2 тапсырма түрінде 7 балл | 20 мин | 13.09.2021ж | 17.09.2021ж | |
| | | БЖБ №2 Ұлттық және отбасылық құндылықтар мен әлемнің жеті кереметі | 20.10.2021ж | 3 тапсырма түрінде 9 балл | 20 мин | 12.10.2021ж | 16.10.2021ж | |
| | | ТЖБ №2 Қазақстандағы көрікті жерлер/ Ұлттық және отбасылық құндылықтар мен әлемнің жеті кереметі | 23.10.2021ж | 4 тапсырма түрінде 30 балл | 45 мин | 10.10.2021ж | 21.10.2021ж | |

**Тақырыбы: «Қазақстандағы көрікті жерлер» бөлімі бойынша
жиынтық бағалау
I нұсқа**

| | |
|-------------------------------------|--|
| Оқу мақсаты: | 6.1.4.1 Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударып отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу; 6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу. |
| Бағалау критерийі: | <i>Білім алушы</i> ✓ Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударып отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды; ✓ оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады; ✓ бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады. |
| Ойлау дағдысының деңгейлері: | Қолдану |
| Орындау уақыты: | Жоғары деңгей дағдылары 15-20 минут |

Тапсырма.

- ✓ Мәтінді мұқият тыңдап, құрылымдық ерекшелігіне назар аударып отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтаңыз.
- ✓ Тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазыңыз.
- ✓ Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазыңыз.

Алматының көрікті жерлері

Алматы – Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан алып шаһар. Қала мен қала маңында жанға жайлылық сыйлайтын демалыс орындары жетерлік. Жыл сайын Алматыға келетін туристердің қатары да артып жатыр. Назарларыңызға Алматы шаһарына табаныңыз тиіп жатса, бару керек жерлердің тізімін ұсынамыз! Медеу – жасанды мұз айдыны бар дүниежүзіндегі ең ірі спорт кешені. Медеу мұз айдыны Алматыдан 18 шақырым жерде орналасқан. Сәулет өнерінің ерекшелігі мен табиғи ерекшелігінің арқасында Медеу мұз айдыны әлемге танымал. Шымбұлақ 2510 метр биіктікте орналасқан «Шымбұлақ» тау-шаңғылық курорты – Алматының інжу-маржаны. Бұл жерде таудың таза ауасымен тыныстаумен қатар шаңғы тебуге болады.

Көктөбе – Алматының оңтүстік шығысында орналасқан төбе. Биіктігі – 1070 метр. «Көктөбе» теле-мұнарасы түрлі түсті жарықпен қала тұрғындары мен қонақтарын өзіне тартып тұрады. Көктөбеден Алматының сұлулығын тамашалауға әбден болады. Алмарасан Алматының оңтүстік батысында орналасқан тау шатқалы. Демалыс күндері жаяу қыдырып, әдемі пейзаждың куәгері болғыңыз келсе, Алмарасанға барыңыз! Шатқалдың жоғары жағында теңіз деңгейінен 2500 метр биіктікте Үлкен Алматы көлі орналасқан. 28 гвардияшы-

панфиловшылардың паркі Алматының Медеу ауданында орналасқан саябақтың аумағы – 18 гектар. Аталған саябақ XIX ғасырдың соңында іргесі қаланған қаладағы ең алғашқы саябақ. Парк ортасындағы «Мәңгілік алау» – соғыс құрбандарын мәңгі есте сақтау мақсатында лаулап тұратын от. Алматы зоопаркі Алматы қаласындағы Орталық саябағында орналасқан зоопарк Орталық Азиядағы үлкен зоопарктердің қатарына кіреді. Жылдың кез келген мезгілінде жануарларды көруге әрі серуендеуге мүмкіндік береді. Тұңғыш Президент паркі ҚР Бірінші Президенті атындағы саябақ – дендропаркі Алматы қаласы Бостандық ауданының Навои және әл-Фараби көшелер қиылысында орналасқан. (225 сөз)

<https://qamshy.kz/article/35641-almatynynh-korikti-dgerleri-foto>

1-тапсырма. Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударып отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтаңыз. *(Оқушының жұмысы ескеріледі)*

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор | Балл |
|---|------------|---|-------------|
| | | Білім алушы | |
| Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтай алады. | 1 | Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді анықтайды. | 2 |
| Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жаза алады. | 2 | Тыңдалым материалдар бойынша жинақы мәтін жазады. | 1 1 1 |
| Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады. | 3 | Мәтіннен бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады | 1 1 1 |
| Барлығы | | | 8 |

**«Қазақстандағы көрікті жерлер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | Төмен | Орта | Жоғары |
| Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды. | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау қиындық туғызды. <input type="checkbox"/> | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойын анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/> | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойын анықтайды. <input type="checkbox"/> |
| Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады. | Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазуда қиналды. <input type="checkbox"/> | Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазуда қателеседі. <input type="checkbox"/> | Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады. <input type="checkbox"/> |
| Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады. | Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазуда қиындық туғызды. <input type="checkbox"/> | Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазуда қателеседі. <input type="checkbox"/> | Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады. <input type="checkbox"/> |

**Тақырыбы: «Ұлттық және отбасылық құндылықтар мен әлемнің жеті кереметі»
бөлімі бойынша жиынтық бағалау
I нұсқа**

Оқу мақсаты:

6.2.5.1 Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру;
6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі);
6.4.2.1 екпіннің түрлері (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану.

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- ✓ Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырады;
- ✓ эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп («келісу, келіспеу») эссесін жазады;
- ✓ екпіннің түрлері (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолданады.

Ойлау дағдысының

Қолдану

деңгейлері:

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты:

15-20 минут

Тапсырма.

- ✓ Мәтінді мұқият оқып, негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңыз.
- ✓ Эссе ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп («келісу, келіспеу») эссесін жазыңыз.
- ✓ Екпіннің түрлері (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолданыңыз.

**Отбасылық тәрбие – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың
қайнар көзі**

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Отбасы – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы тұрғыдан отбасын ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын ұлттық мәдениетті

тәрбие арқылы тасымалдаушы орта ретінде қарастыруға болады. Қазіргі заманғы отбасының ұрпақ тәрбиесімен шындап айналысуы ата-ананың білім және мәдени деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді. Отбасы тіршілігінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер үнемі сақталып отырса, баланың ұлттық сана-сезімі ерте оянады. Баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, оның тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру. Әр көкірегі ояу қазақ баласының ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Отбасындағы құндылықтарды бағалай алмаса, адам ұлттық құндылықтарды да құрметтемей өтуі мүмкін. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөз де осы ойдың дұрыстығын меңзейді. Отбасылық тәрбие арқылы қалыптасатын ұлттық құндылықтарды зерттей келе оларды бірнеше бағыт бойынша топтастырып қарауға болады. Отбасылық тәрбие арқылы балада ұлттық таным жүйелі қаланып ұлттық сана-сезімі қалыптасқан жағдайда ғана ол ұлт мүддесін ойлайтын, елжанды азамат бола алады. Бірақ соңғы жылдары қазақ ұлтының төл тарихында байқалып отырған отбасылық тәрбиедегі олқылықтар мен кемшіліктер ауқымы үлкен ұлттық мәселеге айналууда. Сол мәселердің бірі ретінде ұлттық тіл тағдыры, ұлттық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарымызды дұрыс сақталмауы аландатады. Отбасы – қоғамдық жүйенің бір бөлігі. Отбасындағы жақсы қарым-қатынас ұрпақты жалпы адамзаттық құндылықтарды түсінуге жетелейді, өмірдің қыр-сырын танытады, жауапкершілікке, адалдыққа, ойшылдыққа әдептілікке баулиды. Тәрбиелі білім қазына, тәрбиесіз білім – қасірет екендігі баршамызға мәлім. Сондықтан кез келген сатыда тәрбиелі білім беру – міндеттіміз. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында ұлттық салт-дәстүр, рухани адамгершілік құндылықтарын дамыта тәрбиелеуді ұстанамыз. Ұрпақ тәрбиесі бір күндік немесе бір уақытта аяқталатын әрекет емес, тәрбие отбасынан басталады, өмір бойы жалғасады. *(279 сөз)*

[//talimger.org/load/elektron/zhinak/otbasy_ltty_ndyly](http://talimger.org/load/elektron/zhinak/otbasy_ltty_ndyly)

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастырыңыз.

Сұрақтар:

- A) _____
- B) _____
- C) _____
- D) _____
- E) _____

2-тапсырма. Берілген мәтін бойынша тақырыптан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп, көлемі 80-90 сөзден тұратын («келісу, келіспеу») эссесін жазыңыз.

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор | Балл |
|---|------------|--|-------------|
| | | Білім алушы | |
| Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтай алады. | 1 | Мәтіннен негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді анықтайды. | 2 |
| Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жаза алады. | 2 | Тыңдалым материалдар бойынша жинақы мәтін жазады. | 1 1 1 |
| Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады. | 3 | Мәтіннен бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады. | 1 1 1 |
| Барлығы | | | 8 |

**Қазақстандағы көрікті жерлер» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты
ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | Төмен | Орта | Жоғары |
| Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды. | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау қиындық туғызды. <input type="checkbox"/> | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойын анықтауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/> | Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойын анықтайды. <input type="checkbox"/> |
| Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады. | Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазуда қиналды. <input type="checkbox"/> | Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазуда қателеседі. <input type="checkbox"/> | Тыңдалым материалдар бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазады. <input type="checkbox"/> |
| Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады. | Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазуда қиындық туғызды. <input type="checkbox"/> | Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазуда қателеседі. <input type="checkbox"/> | Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады. <input type="checkbox"/> |

Тапсырмалар және балл қою кестесі үлгісі
«Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
II нұсқа

Тыңдалым және айтылым

Тапсырма

1. Мәтінді мұқият тыңдап, құрылымдық ерекшелігіне назар аударыңыз.
2. Өз жұбыңызды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын екі сұрақ қойыңыз. Негізгі ойын анықтауға белсенді қатысыңыз, пікіріңізді білдіріңіз.
[10]

А мәтіні.

Салт-дәстүр – тәрбие бастауы

Дәстүр – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдеи-ғұрып, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез-құлық қалыптары. Дәстүр адамдардың өмірлік қарекетін реттеудің маңызды факторы болып қызмет етіп, тәрбиенің негізгі құралы болып табылады. Ұлтты рухтандырып, оның ішкі-сыртқы келбетін көрсететін сипаттарының бірі – дәстүр. Ол да тіл сияқты ұлттың қанында, жанында, рухында жүретін, ұлт үшін аса қажетті, қасиетті нәрсе. Әр ұлттың көрнекті, ғұлама адамдары өз халқының салт-дәстүрін жақсы білген. Дәстүрді жақсы білгендіктен, олардың шығармалары оқырмандары үшін тартымды, қызықты, халықтың көкейіне қонымды. Сондай-ақ ел басқаратын адамдарға дәстүрді жақсы білгендіктің артықтығы жоқ. Халықпен тіл табысуына жақсы. Әр ұлттың өзіндік дәстүрлері болады. Қазақ халқында дәстүр мәселесін терең меңгерген адамдар билер болатын. Олар әдет-ғұрып, салт-сананы терең біле отырып, әділ билік жасаған. «Дәстүр» деген ұғым – жалпы ұлт рухының негізгі бөлігі. Ұлттың мінез-құлқын, психологиясын танытатын тамаша салт-дәстүрлер сол ұлттың рухын байытып отырған. (133 сөз)

<http://redo.kz/publ/1210-mzh-6-synyp-aza-tl-azaty-salt-dstr-ltty-ndylyy.html>

Сұрақтар:

1. Дәстүр мәселесін терең меңгерген кімдер?
2. Дәстүрдің адам баласына пайдасы бар ма?

Ә мәтіні.

Болашақ ұрпақ

Оның – адам тұрмысын ұйымдастырудың қаайнар көзі. Жас ұрпақтың тәлім-тәрбие алып, өсіп-өнетін негізгі институты. Жас ұрпаққа бесіктен бастап берілуген тәлім-тәрбие, ұстаным-тәртіп қағидалары есейгенде оның мінез-құлқының, сана-сезімінің, ар-ождан намысының темірқазығына айналады. Абай былай деген: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстаздан, үшіншісі – құрбысынан». Сондықтан қаншалықты шаршап шалдығып жүрсе де ата-ана ұрпақ тәрбиесін ұмытпауы тиіс. Ұрпақ – әр жанұяның бақыты. Ата-ана, ұстаз, қоғам – үшеуі, тәрбиеге бастар басты өлшем. Бір тұтасып, үшеуін біріктірсе адамның мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді. Ұрпақ тәрбиенің үш сатысы негізінде өсіп, жетіледі. Олар: ой саулығы, жан саулығы, тән саулығы. Жақсы қасиеттір кез келген адамның жан дүниесінен табылады. Дүниеге келісімімен өзін-өзі тануға икемсіз. Сондықтан ұрпақтың бойындағы қасиетті дұрыс қалыптастыру ата-ананың міндеті. Отбасы адам баласының өсіп өнетін ұясы. Тұғыры берік елдің отбасы да берік болады, отбасы қазығы нық қағылса, шаңырағы берік тәрбиеленер ұрпағы да өнегелі болмақ. Сондықтан болашағымызды қазіргі сәттен жақсы тәрбиелесек, ертеңгі күнімізге сеніммен басуға болады деп нық айта аламыз. (150 сөз)

<http://redo.kz/publ/1210-mzh-6-synyp-aza-tl-azaty-salt-dstr-ltty-ndylyy.html>

Сұрақтар:

1. Бесіктен бастап берілген тәрбиенің болашағы бар ма?
2. Дана Абайдың айтқан сөзіне келісесің бе?

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

| Балл | Грамматика мен лексиканы дұрыс қолдануы | Сұрақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті |
|------|---|--|
| 9-10 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аяларын өте жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді. | Тақырыпты жақсы түсінеді. Мәтін мазмұны негізінде күтпеген сұрақтарға жауабы тез, өз ойын толық әрі орынды жеткізе алады. |
| 7-8 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аяларын жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді. | Тақырыпты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып, әрі орынды жеткізеді. Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді. |
| 5-6 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аяларын орташа түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды. | Тақырыптың негізгі тараптарын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді. |
| 3-4 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аяларын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады. | Тақырыпты түсінуде ойы шашыраңқы. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, ойын шашыраңқы жеткізеді. Талқылау кезінде қолдаусыз өзін жақсы көрсете алмайды. |
| 1-2 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын аз түсінеді. Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі. | Тақырыпты түсінуде ойы шашыраңқы. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде тақырыпты ашуды дамыта алмайды. Талқылау кезінде аз қатысады. |

Әлемнің жаңа жеті кереметі

Әлемде сан мың түрлі керемет бар. Тарихи тамаша жәдігерлерге қарап, табиғат пен адамның шеберлігіне таңдай қақпау мүмкін емес. Әлемнің жеті кереметі атауы аңыз бойынша, өзінің жаулап алған жерлерінен әлем саяхатшыларын қызықтыру мақсатында арнаулы 7 орынды белгілеген – Ескендір Зұлқарнайын заманынан қалған. Олардың қатарына: Мысыр пирамидалары, Бабылдың аспалы бағы, Эфестегі Артемида ғимараты, Зевс мүсіні, Галикарнастағы табытхана, Гелиос мүсіні және Александрия шамшырағы кіреді.

Алайда, қазіргі күндері әлемнің жаңа жеті кереметі пайда болды. Бұл тізім - алдыңғы тізімнің жаңғыртылған нұсқасы. Әлемнің жаңа жеті кереметі 2007 жылы Португалиядағы «Үш жетілік» күнінде көпшілік назарына ұсынылған. Олар: 1. Қытай Ұлы Қорғаны 2. Колизей (Рим, Италия) 3. Мачу-Пикчу (Оңтүстік Америка, Перу) 4. Петра (Иордания) 5. Тәж Махал (Үндістан) 6. Иса Пайғамбар мүсіні (Бразилия) 7. Чичен-Ица (Солтүстік Америка, Мексика). (120 сөз)

<https://qamshy.kz/article/22494-alemnh-dganha-dgeti-keremeti>

Ә мәтіні.

Тәж Махал

Әлемдегі жаңа жеті кереметінің бірі Тәж Махал. Ақ мәрмәрдан жасалған өнер туындыларының тарихында Тәж-Махал туралы көптеген фактілер мен аңыздар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Бірақ көптеген тарихшылар бұл ғибадатхана 1630-шы жылдары салынған дейді. Оны ұлы моңғол императоры Жакан шах мезгілсіз қайтыс болған жұбайы Мұмтаз Махалдың әруағына арнап салдырған. Оның құрылысы 22 жылға жалғасты.

Бұл ғибадатхананың құрылысына 20000-нан астам адам қатысқан, олардың ішінде империяның барлық аймақтарынан келген құрылысшылар, Венеция, Парсы, Орталық Азия және Таяу Шығыс елдерінен келген шеберлер бар. Бүгінгі таңда «үнді сәулетінің інжу-маржаны» саналатын махаббаттың символы болған ақ мәрмәр ескерткіш Үндістанның ең маңызды көрікті орындарының бірі. Төрт құбыласында төрт минареті бар, биіктігі 74 метр болатын бес күмбезді ақ мәрмәрдан салынған әйгілі кесене аңыздағыдай жасанды су қоймасының қозғалыссыз қабаттарын көрсетіп тұрады. (119 сөз)

<https://massaget.kz/layfstayl/alemnanu/sayahatty-syemin/125>

А) Берілген мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңыз.

| Әлемнің жаңа жеті кереметі | | Тәж Махал | |
|----------------------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат | Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат |
| | | | |
| | | | |

[8]

Ә. Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме немесе құттықтау құрастырып 7-8 сөйлем жазыңыз.

[2]

Балл қою кестесі

Оқылым

| № | Жауап | Балл |
|----------------|-----------------|------|
| 1 | Негізгі ақпарат | 4 |
| 2 | Қосымша ақпарат | 4 |
| 3 | Жазба жұмысы | 2 |
| Барлығы | | 10 |

Жазылым

Берілген тапсырманы орындаңыз. Білім алушылар ұсынылған тақырып бойынша жазба жұмысын орындайды. «Әлемге танымал Қазақстанның көрікті жерлері бар» деген тақырыптан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көлемі 100-120 сөзден тұратын, келісу-келіспеу эссесін жазыңыз.

[10]

Балл қою кестесі

Жазылым

| Балл саны | Сипаттамасы |
|-----------|--|
| 9-10 | <p>Жазба жұмысының (эссенің) құрылымын сақтаған.</p> <p>Ұсынылған тақырып бойынша көлемі 100-120 сөзден тұратын, келісу-келіспеу эссесін өз деңгейінде орындаған.</p> <p>Сөздерді байланыстыру барысында ойын еркін, әрі әсерлі етіп толық жеткізген, қателерді жібермеген.</p> |
| 7-8 | <p>Жазба жұмысының (эссенің) құрылымын сақтаған.</p> <p>Ұсынылған тақырып бойынша келісу-келіспеу эссесін өз деңгейінде орындаған.</p> <p>Сөздерді байланыстыру барысында ойын анық жеткізген, жіберілген кейбір қателер сөздердің байланысында түсінуді қиындатпайды.</p> |
| 5-6 | <p>Жазба жұмысының (эссенің) құрылымы негізінен тапсырмаға сәйкес келеді, бірақ толықтай үйлесімді емес.</p> <p>Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір лексикалық сөздер орынды қолданылған.</p> <p>Сөздерді байланыстыру барысында ойын анық білдіреді, бірақ келісу-келіспеу эссесі бір жақты болмаған, жіберілген қателер жалпы әсерді бұзады.</p> <p>Ойын анық жеткізе алмаған, қателерді ішін-ара жіберген.</p> |
| 3-4 | <p>Жазба жұмысының (келісу-келіспеу эссесінің) құрылымы жүйесіз.</p> <p>Кейбір тіл құралдарын қолдану талпынысы жасалған.</p> <p>Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жалпы грамматикалық қателер ішін-ара (мәтіндегі сөз және сөйлем ішінде дұрыс қолданылмауы) жібереді.</p> |
| 1-2 | <p>Жазба жұмысының (келісу-келіспеу эссесінің) құрылымы сақталмаған.</p> <p>Мазмұнға қатысты кейбір мәселелерді бір жақты тоқталуға талпынды, бірақ ойы шашыраңқы.</p> <p>Көркем тіл құралдары аз қолданылған.</p> <p>Сөздер кейде анық емес, құрылымдық қателер (мәтіндегі сөз және сөйлем ішінде дұрыс қолданылмауы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.</p> |

І тоқсан Қазақ тілі пәні бойынша

Сынып: 6 «А»

Оқушылар саны: 18

Педагог: Әбдісадық А.Т.

Мақсаты: Проблемалық сұрақтарға мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беруге үйрету, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырып, талқылау.

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау

| Пән | Оқушы | Жоғары балл | Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны | | | | Сапа % | Үлгерім % |
|---------------|---|-------------|---|--------|---|---------|--------|-----------|
| | | | томен | орта | жақсы | жоғары | | |
| | | | 0-39% | 40-64% | 65-84% | 85-100% | | |
| Оқушылар саны | | | | | | | | |
| БЖБ 1 | 18 | 10 | 0 | 15 | 3 | 0 | 16,6% | 100 |
| БЖБ 2 | 18 | 10 | 0 | 13 | 5 | 0 | 27,7% | 100 |
| ТЖБ | 18 | 20 | 0 | 11 | 4 | 3 | 38,8% | 100 |
| | Қол жеткізілген мақсаттар | | | | Қиындық тудырған мақсаттар | | | |
| БЖБ 1 | Мәтіндегі негізгі тірек сөздер анықталып, мәтінге атау берілді | | | | Негізгі тірек сөздерді табудағы шатасу | | | |
| БЖБ 2 | Сұрақтар құрастырылды. Өзгелердің сұрағымен салыстырылды | | | | Құрастырылған сұрақтармен келіспеушіліктер туындады | | | |
| ТЖБ | Мәтіннен сөйлем мүшелері анықталып, белгіленді. Жалғауларды талқылады | | | | Жалғаулардың шатасуы орын алып жатты. | | | |

- БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау білім алушылардың мынадай білім деңгейін көрсетті:
жоғары 85-100% 3;
жақсы 65-84% 12;
орта 40-64% 39;
төмен 0-39% 0;
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтар тізбесі:
Негізгі тірек сөздерді табудағы шатасу;
Құрастырылған сұрақтармен келіспеушіліктер туындады;
Жалғаулардың шатасуы орын алып жатты.
- Тапсырмаларды орындау барысында білім алушыларда туындаған қиындықтардың себептері:
Негізгі тірек сөздерді табуда білім алушылар мәтіннің негізгі мазмұнын толық түсінбеген;
Оқушылар құрастырған сұрақтармен келіспеушіліктер туындап, құрылымындық қателіктер орын алған;
Тақырыптарда өткізілген жалғаулардың бір-бірімен шатасуы орын алып жатты, жіктік жалғауының тәуелдік жалғауымен алмастырылған.
- БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша жоспарланған жұмыс (кажет болған жағдайда білім алушылардың тегін, атын, әкесінің атын көрсетумен): Осы БЖБ және ТЖБ жұмыстарын талдау барысында оқушылармен индивидуалдық сабақтар өткізудің кажет екенін көрсетіп отыр.

Күні 31.10.2022 ж.

Педагогтің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Әбдісадық А.Т.